Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі жанындағы Тауар нарықтарына кіру кедергілерін анықтау және жою жөніндегі кеңесі *(бұдан әрі – Кедергілер жөніндегі кеңес)* **отырысының хаттамасы**

Астана қ. **№ 5** **14 қазан 2026 жыл**
16:00

Төрағалық етті : Бикебаев Айдын Жолшиевич.
Қатысқандар: Кедергілер жөніндегі кеңестің мүшелері, салалық департаменттердің, мемлекеттік органдардың өкілдері, нарық субъектілері.

Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан \АСадирбаев Н.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ-ны Нарық кеңесі – Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңында белгіленген функциялары бар коммерциялық емес ұйым ретінде айқындау әкімшілік кедергісі

1. Кедергілер жөніндегі кеңестің мүшесі, «Қазақстандық энергиямен жабдықтаушы ұйымдар қауымдастығы» ЗТБ төрағасы С.С.Агафоновтың ақпараты назарға алынсын.

2. «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ-ның Төрағасы Т.К. Темирхановтың қарсы пікірі назарға алынсын.

3. Энергетика министрлігі Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің, Кедергілер жөніндегі кеңестің мүшелері А.Ж. Бикебаевтың, Н.М. Сулеймановтың, О.Х. Байдильдиновтың, О.Р. Емельяновтың пікірлері назарға алынсын.

ШЕШІМ

Ұсынылған ақпарат негізінде кедергілер жөніндегі кеңес мүшелерінің түсіндірулерін, сондай-ақ сындарлы пікір алмасуды ескере отырып, **1 мәселе бойынша көпшілік дауыспен** мынадай шешім қабылданды:

1. «Қазақстандық электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ-ны Нарық кеңесі – «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген функциялары бар коммерциялық емес ұйым ретінде айқындау жөніндегі мәселе **тосқауыл деп танылсын** және тосқауылдар картасында қалдырылсын.

Кедергілер жөніндегі кеңеске қатысқан 9 мүшесі дауыс берді:

7 – жақтап
2 – қарсы

2. Ақтау қаласының аумағында кинопрокат қызметтері тауар нарығына кіру кедергісі

1. Маңғыстау облысы бойынша БҚДА басшысының міндетін атқарушы Д.З. Рахимованың, Маңғыстау облысының кедергілер жөніндегі өңірлік кеңесінің төрағасы Н. М. Сулеймановтың ақпараты назарға алынсын.

2. Әлеуметтік сала департаментінің бас консультанты А.Тастанованың, Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті Кинематография басқармасының басшысы Ғ.Ж. Мұратовтың, «Қазақстан кинематографистер лигасы» ҚБ басқарма төрағасының орынбасары О. Асқаровтың, «Gold Caspiy» ЖШС басшысы Д. Айсаның, Қонаев қаласындағы Шағала кинотеатрының иесі В.С. Новиковтың пікірлері назарға алынсын.

ШЕШІМ

Ұсынылған ақпарат негізінде кедергілер жөніндегі кеңес мүшелерінің түсіндірулерін, сондай-ақ сындарлы пікір алмасуды ескере отырып, **2 мәселе бойынша көпшілік дауыспен** мынадай шешім қабылданды:

Ақтау қаласының аумағында кинопрокат қызметтерінің тауар нарығына кіру мәселесі **кедергі деп танылмады.**

Кедергілер жөніндегі кеңеске қатысқан 9 мүшесі дауыс берді:

4 – жақтап

5 – қарсы

Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан \АСадырбаева

3. Кедергілер жөніндегі кеңестің қызметін неғұрлым нақты регламенттеу қажеттілігі туралы ЭЫДҰ-ның ұсынымы

1. Бәсекелестікті стратегиялық дамыту департаментінің директоры А.Б. Искаковтың ақпараты назарға алынсын.

Кедергілер жөніндегі кеңестің қызметін нақты регламенттеу қажеттілігі туралы ЭЫДҰ-ның ұсынымы және Кедергілер жөніндегі кеңестің ережесіне өзгерістер енгізу ұсынылған ақпарат негізінде келесі отырыста егжей-тегжейлі қаралсын.

Кедергілер жөніндегі кеңестің төрағасы **А. Бикебаев**